

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді

«Бұлақтыкөл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
22.12.2025

Қатысуға тиіс: 7

Қатысқаны: 7

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛДЫ:

1. Мектеп оқушыларының және мектепалды даярлық, шағын орталық бүлдіршіндерінің қыс мезгілдегі сабаққа қатысымы және қауіпсіздігі туралы ата-аналармен байланысы туралы

2. Мектепалды даярлық және шағын орталық бүлдіршіндеріне мектепке жол акциясы бойынша жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру туралы

Тыңдалды:

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Е.Ашықбаева сөз сөйлеп, қыс мезгілінде ауа райының күрт өзгеруіне байланысты оқушылардың сабаққа қатысуы мен қауіпсіздігі ерекше бақылауда болатынын атап өтті. Ол мектеп әкімшілігі тарапынан күн сайын сабаққа қатысу мониторингі жүргізіліп отырғанын, себепсіз қалған оқушылар бойынша сынып жетекшілерінің ата-аналармен жедел байланыс орнататынын жеткізді.

Сонымен қатар мектепалды даярлық және шағын орталық бүлдіршіндерінің ата-аналарымен тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, балаларды сабаққа әкелу барысында жол қауіпсіздігі, киімнің маусымға сай болуы және балалардың денсаулығына мән беру қажеттігі ескертілгенін айтты. Қатты аяз күндері сабақтың ұйымдастырылуы туралы ата-аналарға алдын ала хабарланатыны баяндалды.

Мектеп директоры О.А.Атангарин сөз алып, “Мектепке жол” акциясы аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін мектепалды даярлық және шағын орталық тәрбиеленушілеріне жаңа жылдық сыйлықтар беру ұсынысын білдірді. Бұл шара балаларға мерекелік көңіл күй сыйлаумен қатар, қамқоршылық кеңестің әлеуметтік бағыттағы жұмысының тиімділігін арттыратынын атап өтті.

Сонымен қатар сыйлықтар балалардың жас ерекшелігіне сай дайындалып, әділ әрі ашық түрде таратылуы қажет екені айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:

Шағын орталық тәрбиешісі Н.Ш.Сатыбалдина: Ата-аналармен байланыс WhatsApp мессенджері және телефон қоңыраулары арқылы жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Сабаққа келмеген әрбір оқушының себебі анықталып, мектеп әкімшілігіне күн сайын мәлімет беріліп отыр.

Қамқоршылық кеңес мүшесі А.Ж.Айдынов: Балалардың қауіпсіздігі – ата-ана мен мектептің ортақ жауапкершілігі, ата-аналардың да өз тарапынан жауапкершілікті күшейтуі қажет.

Қамқоршылық кеңес төрайымы Г.Смагулова: Аталған ұсынысты қолдаймын, мұндай шаралар балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай, ата-аналар арасында мектепке деген сенімді нығайтады.

Кеңес мүшесі Б.Аюп :Сыйлықтарды тарату барысында тәрбиешілер мен сынып жетекшілерінің қатысуы маңызды , шара дұрыс ұйымдастырылсын.

Қаулы етті:

1.Қыс мезгілінде оқушылардың сабаққа қатысуын күнделікті бақылауды жалғастыру.Ата-аналармен жедел әрі тұрақты байланыс орнату жұмыстарын күшейту,мектепалды даярлық және шағын орталық тәрбиеленушілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу, қатты аяз және қолайсыз ауа райы кезінде ата-аналарға алдын ала ақпарат беру қамтамасыз етілсін

2.“Мектепке жол” акциясы аясында мектепалды даярлық және шағын орталық бүлдіршіндеріне арналған жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастырылсын. Сыйлықтарды тарату жұмысы мектеп әкімшілігінің бақылауымен жүргізілсін. Ата-аналарға шараның өткізілу уақыты мен тәртібі туралы алдын ала ақпарат берілсін.

Шара қорытындысы бойынша қысқаша ақпарат мектептің әлеуметтік желі парақшасында жариялансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Г.Ш. Смагулова

Хатшы:  Н.Ш.Сатыбалдина